Nūra

Abai: Adamzattyñ bärın süi bauyrym dep

№17(5769)
14 sáýir 2022 jyl
beisenbi

Qoğamdyq-saiasi gazet | www.gazetanura.kz | gazeta-nura@mail.ru | facebook.com/nuragazeta | @gazetanura | Gazet 1932 jyldan bastap şyğady

◉ Президент Жолдауына – халықтың қолдауы

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Былтыр, 2021 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіз мемлекет атанғанына 30 жыл толды. Саралап қарасақ, үлкен мемлекет үшін 30 жыл аса көп те, аз да уақыт емес. Осы отыз жыл ішінде елімізде бірсыпыра ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Ең бастысы, Қазақстан елі өзінің халықаралық қауымдастық мойындаған мемлекеттік шекарасын мықтап белгілеп, бекітіп алды. Әрине, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуында орын алған кемшіліктер де бар. Өткенге көз жүгіртіп, сын көзбен қарар болсақ, жіберілген олқылықтарды саралай отырып, алдағы күнге артар үмітіміз көп. Соның ішінде, әлемдік өркениеттің даму заңдылықтарынан мол хабардар, халықаралық дипломатия үрдістерінен тәжірибесі жеткілікті Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір іс-әрекетіне қатты дәмелене қараймыз. Қазақстан қоғамын құрайтын әрбір адамның көкейіндегі үміті Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан кейін сенімге айналғандай. Өйткені, Жолдаудың әр тармағынан президентіміздің еліне, жеріне деген құрметі мен перзенттік сезімі аңғарылып, халқына деген қамқорлық лебі есіп тұрғандай. Дербес өз басыма солай көрінді. Әрине, қоғамда қанша жан болса, сонша пікір болуы – заңдылық.

Президенттің Наурыз мерекесі алдындағы Жолдауын оқып отырып, әр азамат: «Қазақстан – менің елім және Отанымның дамуына мен де үлес қосуым керек!» – деген пікірде болуы абзал.

Президентіміз аталған Жолдауында: «Бізге ешкім келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда, сондықтан, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын!» – деген ұран тастады. Осы шақыруға нақты іспен жауап беру, Қазақстан деген үлкен құрылымның мүлтіксіз жұмыс істеуіне септігін тигізу – республикамызды Отаным деп білетін әр азаматтың парызы. Бұлай жасамасақ, бұл бағдарлама кезекті құжат ретінде қағаз бетінде қала береді.

Әрбір атқан арайлы күнді, тыныш өткен әрбір түнді адами тұрғыдан бағалай білуіміз керек. Әлденеше ұлттың өкілдері өмір сүріп жатқан елімізде ұлттық бірлігіміз нығая берсін! Қазақстан халқының жүрек түкпіріндегі ізгі ниеттері ғана емес, еңбегі де Президент Жолдауынан шешімін тауып, халық пікірімен сабақтасып жатыр деп батыл айта алатындай болуы керек.

Бағаш ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ,
жергілікті қауымдастық хатшысы

К.МЫҢБАЕВ аулы

Байтуған аулы тұрғындарының назарына! Халықпен кездесу 2022 жылғы 20 сәуір 12:00-де Байтуған аулы, Әуезов к-сі 42 мекенжайындағы Мәдениет үйінде өтеді. Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өз өтініштеріңізді 8 (72144) 21 7 21 телефоны бойынша жұмыс күндері 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13-00-ден 14:30-ға дейін) немесе Нұра ауданы әкімдігінде, Нұра кенті, Мыңбаев к-сі 44 мекенжайы бойынша қалдыруға болады.

К сведению жителей села Байтуган! Встреча с населением состоится 20 апреля 2022 года в 12:00 в здании Дома культуры по адресу: ул. Ауезова 42. Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа. Оставить свои обращения можно по телефону 8 (72144) 21 7 21 в будние дни с 09:00 до 18:30 (с перерывом на обед с 13:00 до 14:30) или в акимате Нуринского района по адресу: п. Нура, ул. Мынбаев 44.

◉ *Су - тілсіз жау*

ҚАУІП СЕЙІЛДІ

Бірде Лау мырза Ақмола дуанынан келе жатып, ат шалдырмаққа Нұра бойында қыстап отырған бір ағайынның үйіне түссе керек. Қыстың ызғары қайтпаған ақпанның соңғы күндері екен. Кеше ғана басылған алай-түлей боранның қарын тазалап, қыстау маңындағы қоржын үйлердің маңайынан кісі жүретін соқпақ жасап жатқан жалшы жігіттерді көріп:

- Пәлі, қар күреп несіне әуре болып жатырсыңдар? Түстен кейін жаз шығады... – дейді.

Сонда топ ішінен біреуі күңкілдеп:

- Лау мырзаны табиғатты болжағыш деуші еді. Жасы келген адам, алжиын деген екен. Әйтпесе, ақпан бітпей қайдағы жаз? – деп танауын шүйірген екен.

Соғымның соңы, қыстан қалған сүрі ет тез піседі. Қар күрегіш шарауқор жігіттер, күректерін қарға шаншып, қолдарын жуып, Лаукеңмен дасқандас болады. Қысырдың қымызы, қызыл күрең аққасқа шай ішілгенше біраз уақыт өтсе керек.

Жігіттер далаға шықса, қарға шаншып кеткен күректері жерде құлап жатыр. Еріген қардың суы жыра салып, Нұраға қарай сарылдауда екен.

Сонда топ ішіндегі біреу бағана ел ағасына «мінездеме» берген жалшы жігітке қаратып:

- Мырзаның құлағына құдай сыбырлап қойған ғой. Әйтпесе бір түстік ет жеп, бір қымыз бен шаймен тоқ басқанша жаз шығатынын кім білген? Лау мырза құдай емес, Құдайдан былай емес! – депті.

Ел арасындағы бұл сөзді жасамыс азаматтар жақсы білетін болар.

Биылғы көктемде де аласапыран боранын наурыздың соңғы аптасына дейін бұрқыратып тұрған табиғат қатулы қабағын тез жиды.

Міне, сәуірдің алғашқы онкүндігі жаңа аяқталды. Далаға қарай шыққан адам жаздың жақындағанына қуанған құстың шырылын естиді, Жер-ана сақтап қалған, сүрге айналған былтырғы шөпті теріп, жайбірақаттана жайылған малды көреді. Күн де шуағын тоқыратпай, ел мен жердің үстіне молынан шашып тұр.

Баяғыда аталарымыз көштің басын жайылымы шүйгін жерге бұрмай тұрып, «Нұра өткел берді ме екен, соны байқа», «Құланөтпестің бойына су жайылып па, соны барла», «Жері саздауыт еді, Қаратал тасыса суы көпке дейін жерге сіңбеуші еді, ат тұяғы батпайтын қалыпқа келіп пе екен, көріп келіңдер» дейді екен...

Көктемде еріген қар суынан толысып арнасынан асқанда Нұраның суы маңайындағы ой-шұңқырды толтырып, үлкенді-кішілі көлдей болған қара суларға айнала беретінін елдің тумалары жақсы біледі.

Төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық департаменттің Нұра ауданы бойынша бөлімі бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғаныстың Нұрадағы офицері Азамат Қалиевпен хабарластық. Оның айтуы бойынша, бұл күндері Арқаның күретамыры Нұра өз арнасымен толыса ағып, үлкен суды Теңіз көліне қарай әкетіп жатыр. Ағыс бойы Нұраны Есілмен жалғастыратын каналды толтырып, жарты суын Есілге құйып, Сібірге қарай бет алады. Басты арнаның бойында Арқада бой көтерген өнеркәсіп ошақтары үшін тоғандата салынған, Теміртаудың шетінде тұрған Самарқант, ұлы өзеннің жуан ортасындағы Ынтымақ су қоймаларының деңгейі өз қалпында. Шептен асқан, маңайына жайылған су шағын көлшіктерге айналып, топыраққа сіңіп жатыр.

Үлкен Құндызды, Бала Құндызды, Құланөтпес өзендерінің бойындағы ауылдар мен шаруашылықтар жайғасқан егіндіктер су шайып кету қауіпінен аман. Су арналары толғанымен, ағыс бағытын тоқтататын кедергі болып үлкен судың арнасыз жайылып кету қауіпі жоқ екен.

Аудан өңіріндегі көлдер мен өзендердің деңгейі Азаматтық қорғаныс қызметінің қатаң қадағалауында.

Иек астында жаз тұр.

Н.НҰРАБАЕВ

Суретте: Нұра кенті тұсындағы Бала Құндыздының арасын кеңейтуі.

◉ *Өндіріс – өмір өзегі*

КӨМІР ӨНДІРІСІ – АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Нұра ауданының экономикасында «Шұбаркөл Көмір» және «Шұбаркөл Премиум» акционерлік қоғамдары жетекші орын иеленетіні белгілі. Алғашқы кәсіпорын өткен жылы 12 миллионтоннаға таяу көмір өндірсе, кейінгісі жер бетіне бір миллион 674 мың тонна отын шығарған екен. Бұл көрсеткіш, қаржы тілімен айтқанда, 137 миллиард 940 миллион теңгені құрайды. Сөйтіп, кәсіпорындар облыстық және республикалық бюджеттерге беретін салық төлемдерін айтпағанның өзінде, жергілікті бюджеттің бүйірін шығаруға үлкен үлес қосады.



Үдемелі өсу үстіндегі кәсіпорындар ағымдағы жылы өндіріс көлемін одан әрі ұлғайта түспекші. Атап айтқанда, 2022 жылы «Шұбаркөл Көмір» АҚ жер үстіне 13 миллион тонна сапалы отын шығарады деп күтілуде. Яғни, бұл акционерлік қоғам өндіретін кен былтырғы нәтиженің 102 пайызын құрайды. «Шұбаркөл Премиум» АҚ да жұмысын шырата береді. Ол биыл 1 миллион 800 мың тонна көмір өндіреді. Бұл – былтырғы көрсеткіштің 108 пайызы. Кокс өндірісін 200 мың тонна көлемінде қалдыру көзделуде.

Аудан аумағының асты-үсті толы байлық екені және бұл өзге өңірлер тұрғындарының алдында нұралықтардың мерейін тасытып, мәртебесін өсіретіні анық. Тек бір өкініштісі, жергілікті жұрт осы игіліктің қызығын көріп, қызуына толық жылына алмай отыр. Басқаны былай қойғанда, Нұра кенті тұрғындарының айтуынша, еліміздің алыс аймақтарына апарылатын «шұбаркөлдік» отын мен аудан ішінде тасымалданатын көмірдің бағасы бір деңгейде һәм сапасы сын көтере бермейді. Бұқараның сұранысы – жергілікті атқарушы билік аталған кәсіпорындардың басшыларымен меморандум жасасу барысында осы мәселелерді көперінде ұстаса екен.

Е.ОРАЗБАЙ

Диалог государства и гражданского общества - это дорога с двусторонним движением

С первых дней создания независимого Казахстана главной задачей государства является повышение благосостояния и качества жизни его народа. Для этого Правительство проводит реформы, совершенствует законодательство, инвестирует различные проекты и многое другое. Однако не все его инициативы получают поддержку и понимание со стороны гражданского общества.

Основная причина тому отсутствие открытого диалога на должном уровне между обществом и государством. Не всегда принимаемые государственные решения сопровождаются широким разъяснением. Также как и не всегда государство слушает и слышит мнение и желание народа. Все это приводит к провалу реформ, порождает недоверие населения к власти.

Вместе с тем, важные вопросы, волнующие общественность, должны обсуждаться и находить свое решение в рамках конструктивного гражданского диалога, который позволяет услышать другие, в том числе альтернативные, мнения и найти верные решения.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своем первом послании народу Казахстана объявил о переходе к концепции «слышащего государства», задача которой - построение эффективной системы коммуникаций государственного аппарата с населением и бизнесом, поскольку «слышащее государство» получает гораздо больше шансов эффективно реализовывать свою политику, имея поддержку и доверие населения.

Следует признать, что платформа для налаживания связи с обществом со стороны государства уже создана, появилось множество каналов обратной связи с населением, некоторые из них дают возможность осуществлять общественный контроль:

Сервис https://eotinish.kz, позволяющий подать официальное обращение в любой государственный орган (акиматы, агентства, министерства, комитеты) и другие учреждения без очередей и бюрократических задержек, не выходя из дома;

Блог-платформа первых руководителей государственных органов https://dialog.egov.kz, которая является одной из составляющих портала «Открытый диалог» и представляет возможность любому гражданину задать интересующий вопрос непосредственно акиму либо первому руководителю государственного органа;

Функционируют порталы «Открытые НПА» - платформа для публичных обсуждений проектов нормативных правовых актов, и «Открытые бюджеты» - представляет возможность ознакомиться с бюджетом любого акимата либо государственного органа;

Портал «Открытые данные» – это площадка, где размещаются общедоступные статистические данные государственных органов в машиночитаемом виде;

Интернет-конференции и опросы портала «Открытый диалог», позволяющие задать интересующие вопросы или обратиться с просьбой в режиме онлайн;

Интернет-ресурсы государственных органов Казахстана на единой платформе http://gov.kz/;

Официальные аккаунты государственных органов в социальных сетях, на которых также можно обратиться с жалобой, предложением, вопросом, записаться на прием;

Телефоны доверия и call-центры;

Фронт-офисы;

Интерактивная карта общественного контроля с открытым доступом к бюджету школ, детских садов, больниц, поликлиник, дорог каждого региона на единой платформе с возможностью 24 часа в сутки контролировать указанные процессы, сверять их с документацией и в случае выявления расхождений сообщать в уполномоченный орган, приложив при этом соответствующие фото- и видеоматериалы.

Вместе с тем, развитие диалога между властью и обществом требует не только открытости госслужащих, но и активности гражданского общества, т.к. диалог государства и гражданского общества - это дорога с двусторонним движением.

Всем надо учиться находить общий язык друг с другом и начинать надо с очень простых вещей. Первое - что крайне необходимо - объективно видеть существующие недостатки и просчеты в деятельности государственных органов, объективно и реально оценивать сделанное и достигнутое.

Граждане должны говорить о проблемах, предлагать свое видение и пути выхода из ситуации, а государственный аппарат учитывать их при принятии тех или иных решений.

Призываем всех граждан активно участвовать в обсуждении принимаемых государственных решений и проведении общественного контроля по реализации государственных программ и исполнении государственного бюджета и внести свой вклад в построение нового Казахстана.

Б.АХМЕТОВ,
и.о. руководителя Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области

◉ *РЕСМИ БӨЛІМ*

«Мемлекеттік қызметтегі цифрландыру»

Мемлекеттік қызмет саласында цифрландырудың қажеттілігі қандай және бұл мәселенің өзектілігі қаншалықты?

Жалпы кез-келген мемлекет, мемлекеттік басқару жүйесінің тиісті деңгейде өзіне жүктелетін міндеттерін атқаруына,оның заман талабына сай, бүгінгі әлемдік талаптарға жауап беруіне аса көңіл бөледі. Осыған орай, өте жылдам дамып жатқан қазіргі заманда, бұрынғы «дәстүрлі» мемлекеттік басқару жүйесі заманауи талаптар мен сұраныстарды әрқашан қанағаттандыра алмай қалу тәуекелі бар.

Сол себепті де, мемлекет өзінің дәстүрлі көптеген функцияларын жетілдіруі, автоматтандыру, цифрландыру және көптеген функцияларды жүзеге асыру үшін жыл сайын қомақты қаражат бөледі. Ал, мемлекеттік функцияларды цифрландырып, автоматтандырса, шығында азайып, мемлекеттік аппарат анағұрлым мобильді жедел сервистік болады. Сонымен қатар, бұл халыққа өте ыңғайлы «клиентке (тұтынушыға) бейімделген» қызмет көрсету формасын қалыптастырады.

Мемлекеттік функцияларды іске асыруда сөзбұйдалық (бюрократизм), сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты біршама барынша жеделдету мен қолайлы етуге жағдай туғызады. Бұл рете, біздің мемлекетіміз тарапынан да біршама сәтті бастамалар жүзеге асырылуда. Олар, сервистік мемлекет құру бағытында мемлекеттік қызметтерді барынша автоматтандыру, проактивті қызмет түрлерін енгізу, «бір терезе» - «бір өтініш» қағидаттары бойынша тұрғындарға қызмет көрсету. Сондай-ақ халықтың өмірлік жағдай да «сұраныстарын алдын-ала болжап, оларға «жүгінусіз-ақ» қызмет түрлерін ұсыну.

Бұл орайда, мен мемлекеттік қызметтегі цифрландыруды жүзеге асыру барысында мемлекет дербес айналыспай, бұл мәселеге жеке–меншік серіктестік бағыты бойынша басқа да ұйымдарды тарту мүмкіндіктерін қолдану керек деп пайымдаймын. Себебі, біріншіден цифрландыруға мемлекет тарапынан қаражат анағұрлым аз жұмсалады.

Екіншіден, бұл салаға коммерциялық ұйымдар да қызығушылық танытуы мүмкін. Мысалы, Kaspi.kz коммерциялық ұйымы өзінің өкілдерін барынша автоматтындыра (цифрландыра) отырып қызмет көрсетудің ерекше үлгісін көрсетіп келуде.

Осындай ұйымдарды да, мемлекеттік қызметті цифрландыруға тартуға болады деп есептеймін. Себебі, оларға ол жаңа мүмкіндіктер, жаңа сервистер қосымша тұтынушылар әкеледі. Өз кезегінде, мемлекетке өз функцияларын цифрландырып бірлесе қомақты жұмыстар атқарып алуға болады.

Әрине, бұл жерде мемлекеттік және заңмен қорғалатын құпия мәліметтердің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ете отырып атқару қажет.

Цифраландыру, толық қағаз құжат айналымынан арылуға, көпсатылы инстанциялардан халықтың жүгінуінен арылтады. Сәйкесінше, халықтың да қанағаттану деңгейі артып, ал мемлекеттік бюджетке салмақ азайды, шығындар қысқарды.

Цифрландыру бүгінгі таңда мейлінші біздің мемлекете әжептәуір жоғары деңгейде дамуда.

Алайда, бұл бағытта бірізділік пен бір операторға шоғырландырып, шашыраңқы көптеген ақпараттың жүйелерді бір орынға тоғыстыру қажет деп пайымдаймын.

Сөзсіз, бүгінгі күні атқарылып жатқан осы бағыттағы шаралар, игі бастамалар жарқын болашақта өзінің оң нәтижесін берді. Себебі, осыдан 5-10 жыл бұрынғы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету, функцияларды жүзеге асыруды бүгінгі күнгі деңгеймен салыстыруға келмейді.

С. Амангельдинова,
Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы

Актуальные проблемы института медиации

Между гражданами, юридическими лицами, между частными лицами и государственными ор¬ганами нередко возникают правовые споры, кон¬фликты. Как правило, эти споры разрешаются су¬дами на основе норм действующего права.

Усложнение жизни, законодательства, регули¬рующего общественные отношения, ведет к неиз¬бежному росту таких споров, количества рассма¬триваемых судами дел, усилению нагрузки на су¬дей. Между тем, многие из этих споров могли бы быть разрешены сторонами добровольно, путем взаимных уступок и компромиссов, без обраще¬ния в суд. Иногда и спора как такового нет - есть просто недопонимание, которое устраняется, как только стороны вступают в диалог друг с другом.

Разрешение спора во внесудебном порядке имеет целый ряд преимуществ. Во-первых, эко¬номические. Не надо платить госпошлину. При¬чем, если спор начат в суде, но завершился ми¬ровым соглашением, пошлина сторонам возвра¬щается. Не надо нести расходы, зачастую весьма значительные, на оплату адвокатов (представи¬телей) и т.д. Когда стороны разрешают спор, кон¬фликт миром, они могут избежать огласки некоторых сторон своей частной жизни или пред¬принимательской деятельности, сохранить конфиденциальность. Медиация в любом случае занимает меньше времени, чем рас¬смотрение спора в судах.

Поэтому во многих странах институт ме¬диации существует издавна. При медиации особое лицо - медиатор (в переводе с ла¬тинского - посредник) помогает сторонам до¬стичь взаимоприемлемого варианта разре¬шения спора. На основе принципов добро¬вольности, равноправия сторон медиации, конфиденциальности, независимости и бес¬пристрастности медиатора, он помогает сто¬ронам достичь соглашения об урегулирова¬ния спора, называемого в практике «медиа¬тивным соглашением».

Медиатором в Казахстане может быть лицо, достигшее 25-летнего возраста, име¬ющее высшее образование, прошедшее об¬учение по программе, установленной прави¬тельством, и состоящее в Реестре професси¬ональных медиаторов, либо судья в отставке (профессиональные медиаторы). Также ме¬диатором может выступать судья при прове¬дении примирительных процедур либо лицо, достигшее 40-летнего возраста и состоящее в Реестре непрофессиональных медиаторов местного исполнительного органа (непрофес¬сиональные медиаторы).

От медиатора не требуется наличия именно юридического образования. Как ска¬зано, он не разрешает спор, а только содей¬ствует сторонам, помогая им сесть за стол переговоров, выступая и как психолог, и как менеджер.

Закону о медиации уже десять лет, но свой потенциал этот институт в Казахстане (как и во многих других странах) еще далеко не полностью реализовал. Спорящие пока больше доверяют государственным судам разрешать правовые споры.

Президент Республики Казахстан К.К.Токаев в Послании народу Казахстана 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий», говоря о ре¬форме судебной и правоохранительной си¬стем, укреплении доверия общества к судам отметил, что нужно развивать и «альтерна¬тивные способы разрешения споров, что по¬зволит находить компромиссы без участия государства. Такие институты хорошо пока¬зали себя в развитых странах». При этом от¬мечено, что за десять лет, прошедшие после принятия Закона «О медиации», «ни один государственный орган не занимается его раз¬витием, внятная государственная политика отсутствует. Данное положение дел следует исправить».

В целях исправления этого положе¬ния группа депутатов Парламента разра¬ботала и внесла в Мажилис Парламента проект Закона о внесении изменений и дополнений в Закон о медиации и ряд других законодательных актов. Цель за¬конопроекта - в повышении роли медиатора, совершенствовании регулирования его деятельности, развитии самого ин¬ститута медиации.

В соответствии с законом медиаторы де¬лятся на профессиональных и непрофессиональных. К первым относятся те, кто избрал медиацию своей основной профессией, и за¬нимаются этим на платной основе. К непро¬фессиональным относятся лица, которые, как правило, занимаются каким-то другим де¬лом, но обладают богатым жизненным опы¬том и авторитетом в обществе, что позволяет им быть посредниками в спорах. Непрофес-сиональные медиаторы больше распростра¬нены в сельской местности и их избирают на сходах (собраниях) местных сообществ.

Медиация применяется в отношении ши¬рокого круга гражданских, трудовых, семей-ных, уголовных дел и дел об административ¬ных правонарушениях.

Вместе с тем, по отдельным категориям споров участие медиации необходимо в боль-шей степени, либо имеет значительную спе¬цифику. Так, в брачно-семейной сфере боль-шинство споров касаются расторжения брака (супружества), алиментов на содержание несовершеннолетних детей и т.д.

Руководство страны неоднократно обра¬щало внимание на чрезмерно высокий уро¬вень разводов в Казахстане и необходимость принять меры к исправлению этой ситуации.

Разумеется, нельзя запретить или ограничить разводы. Но государство может принять законодательные и институциональные меры к укреплению семьи, к тому, чтобы супруги действовали обдуманно, не под воздействием сиюминутных настроений, искали возможно-сти сохранить брак. Закон предусматривает, что при отсутствии согласия одного из супру¬гов на расторжение брака суд вправе принять меры к их примирению. На практике это сво¬дится к отложению рассмотрения дела о раз¬воде на срок до шести месяцев. В течение этого срока супруги остаются один на один со своими проблемами, которые и привели хотя бы одного из них к решению о разводе. Здесь им может помочь институт медиации, в рамках которой супруги, которые твердо решили расторгнуть брак (супружество) мо¬гут урегулировать споры по поводу раздела имущества, алиментов и т.д. И если стороны не придут к какому-либо соглашению, спор будет рассматриваться судом.

Надо иметь в виду, что медиация не огра¬ничивает конституционное право граждан на судебную защиту своих прав и интересов. Медиация - это только возможность, инстру¬мент, предоставляемый для урегулирования правовых споров (конфликтов) во внесудеб¬ном порядке.

Другое новое направление применения медиации - это споры, вытекающие из пу-блично-правовых отношений. Казахстанское законодательство ранее исходило из того, что в спорах с участием государственных ор¬ганов и должностных лиц примирение, в томчисле и с участием медиатора, недопустимо. Поскольку государственный орган или долж¬ностное лицо представляют в публичных отношениях не себя лично, а государство, и реализуя четко установленные полномочия не могут идти на какие-либо компромиссы.

Однако с принятием Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (АППК) предусмотрено так называемое административное усмотре-ние. Усмотрение, иногда называемое дискрецией, представляет собой определен¬ные рамки, границы полномочий органа или должностного лица, в рамках которых они вправе принимать одно из возможных реше¬ний по своему усмотрению. Одновременно с этим АППК допустил примирение, в том числе медиацию, по административным де¬лам в случаях, когда у государственного ор¬гана или должностного лица имеется адми¬нистративное усмотрение.

При этом споры данной категории об¬ладают существенной спецификой. Здесь важно, чтобы соглашение не только удов¬летворяло обе стороны спора (конфликта), но и чтобы административный орган или должностное лицо не вышло за пределы своих полномочий, и в целом медиативное со¬глашение не противоречило закону. Поэтому медиацию по таким делам должен проводить только судья, который бы осуществлял кон¬троль за законностью соглашения. Медиа¬тивное соглашение по таким делам в любом случае будет утверждено соответствующим судебным актом.

Медиация возможна как в досудебном или внесудебном порядке, так и при рассмотре-нии спора судом, причем на любой стадии процесса, а также в исполнительном произ¬водстве. При заключении соглашения об уре¬гулировании спора (конфликта) в порядке ме¬диации производство по делу (или исполни¬тельное производство) прекращается.

В целях развития института медиации не¬обходимо усовершенствовать механизм пра-вового регулирования деятельности медиа¬торов, их организаций.

Необходимо четко отразить в законе, что организации медиаторов являются саморе-гулируемыми в сфере профессиональной деятельности, основанными на обязатель¬ном членстве. Это позволит распространить на такие организации нормы Закона «О само-регулировании», принятого в 2015 году, позже Закона о медиации.

Для осуществления своей деятельно¬сти профессиональный медиатор должен состоять в соответствующем реестре - та¬кие реестры ведут организации медиато¬ров. Все эти аспекты должны быть отра¬жены в законе более четко. Это позволит организациям медиаторов устанавливать свои стандарты, обязательные для членов, в частности, по вопросам деловой этики, срокам и формам переподготовки и переат¬тестации. Необходимо закрепить компетен¬цию уполномоченного органа по принятию единых правил ведения реестра професси¬ональных медиаторов.

Необходимо также более широко вне¬дрять механизмы так называемого «судебного примирения».

Поэтому целью развития института ме¬диации является не только усиление некоей профессиональной корпорации медиаторов или снижение нагрузки на государствен¬ные суды. Это, прежде всего - изменение самого общества, воспитание у людей спо¬собности и желания урегулировать возни¬кающие конфликты миром, путем перегово¬ров, снижение уровня конфликтности в об¬ществе в целом.

Ж.Г. СКАКОВ
Судья Нуринского районного суда

◉ *История уголка родины - история страны*

Улица Шокана Уалиханова

С момента становления Киевки райцентром эта улица носила имя русского географа , путешественника, генерала-майора Российской империи Николая Пржевальского. Чья эта была идея назвать долгую улицу его именем, нам неизвестна. Вошло в жизнь не одно поколение нуринцев, которое выросло на этой улице. Но, думается, тогда мало кто задумывался об этом.

Человек, в свое время предпринявший несколько экспедиции в Центральную Азию, в предгорья Тянь-Шаня (Алатау) к Нуринским степям никакого отношения не имел. Любой мальчишка знает, что в стародавние времена в казахских степях и в предгорьях Заилиского Алатау табунами водилась доселе неизвестая для русских низкорослая дикая лошадь. По велению императрицы Всея Руси эти животные были названы «лошадью Пржевальского». Как ни странно, русских, только вступивших на новые земли , видимо, нечуть не интересовало, как называют этих животных сами аборигены. Этому не стоит удивляться, потому как местных жителей путешественник называл не иначе как «киргиз-кайсак». А дикие лошади были обыкновенные куланы, которых казахи считали сакральными животными, про которых слагали немало легенд. Одна из них связана с именем Потрясателя Вселенной Тэмуджина – Шынгыс хана и появлением на Нуринских просторах реки Кулан Отпес. Но это отдельная история.

Деликатно, ничуть не задевая достоиство своего коллеги по императорскому Географическому обществу, молодой штаб-ротмистр Шокан Шынгысулы Уалиханов поправил именитого генерала в своем докладе, сделанном в Географическом обществе его императорского величества и в специальном рапорте-отчете в Генеральный штаб Военного министерства России. Кириз-кайсаки по самоназванию казаки, а дикая лошадь названный именем Пржевальского не иначе, как кулан. Понятие «киргиз» должно применяться к населению Предгорного Алатау, что это другой родственный к казакам народ...

Молодого ученого тогда оставили служить в Военно-учетном Комитете Генштаба . Шокан (Мухаммед-Канафия) Уалиханов высокоэрудированный, владеющий арабским и всеми тюркскими и несколькими европейскими языками был в центре внимания Петербургской знати.

Двадцатипятилетний выпусник Омского кадетского корпуса был приглашен на работу в Азиатский департамент министерства иностранных дел Россиискоой империи.

Сын казахской Сары Арки в Санкт-Перербурге заблистал своим талантом как востоковед, историк, этнограф, географ, фольклорист, переводчик, журналист. Он быстро устремился вверх по служебной лестнице. Не потому, что Шокан был прямым потомком казахских ханов, правнуком хана Аблая, внуком Уали хана и сыном старшего султана, полковника Шынгиза, а за блестящие знания и обширнейший кругозор. С его мнением считались многие маститые ученые и писатели.

Особо следут сказать, что молодой Шокан, сколько в его силах было, помогал повстанцам Кенесары. Дружил многими декабристами, поддерживал дружеские отношения. Его лучшим другом был Федор Достоевский. Федор Михайлович отбывая солдатскую повинность в Семипалатинске, писал Шокану, что «любит его сильнее родного брата».

Тем не менее, до приезда в столицу молодой, прекрасно образованный молодой офицер привлек внимание Западно-Сибирской администрации и успел послужить консультантом по делам сибирских казахов в Омской области. Тогда эта область включала в себя весь Центральный и Северный Казахстан. 1856 году в числе приглашенных знатных казахов принял участие в церемонии коронации императора Александра II.

Научная деятельность Шокана Уалиханова,как историка, этнографа, фольлориста-исследователя народных сказании и киргизского эпоса «Манас», его путешествия в закрытый город Кашгар, по Жетысу, в озеро Иссыккуль отдельная тема.

Шокан Шынгысулы умер в расцвете сил, когда ему еще не исполнилось даже 30 лет...

Шокан Уалиханов имеет отношение и к нашему району. Об этом в своих воспоминанях пишет писатель Жаиык Бектуров. Его родная сестра Бадигул была замужем за младшим сыном старшего султана Акмолинского уезда Конуркулжи Кудаймендина. Его приезд на аул Ахмет торе старожилы помнят и рассказывют потомкам.

Вот, чьим именем названа бывшая улица Пржевальского в районном центре. Именем достойного сына своего народа – Шокана Уалиханова.

Нурхан Хамзеулы

◉ *Государственная служба*

Новая редакция Этического кодекса

Соблюдение этических норм занимают особое положение в системе государственной службы.

В современных условиях вопросы усиления требований к морально-нравственному облику и деловым качествам государственных служащих потребовали совершенствования законодательства в данной сфере, способствующего повышению доверия к государственным органам со стороны общества.

В Послании народу Казахстана Глава государства обозначил, что общая задача-реализовать концепцию "слышащего государства", которая оперативно и эффективно рассматривает все конструктивные обращения граждан.

Глава государства акцентировал внимание уполномоченного органа в сфере государственной службы проводить работу по дебюрократизации в государственных органах, повышению эффективности государственного аппарата, создать сервисный и клиентоориентированный аппарат.

В связи с этим, в целях совершенствования законодательства по вопросу соблюдения служебной этики государственных служащих Указом Президента Республики Казахстан от 22 февраля 2022 года за № 814, утверждена новая редакция Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан.

Новый Этический Кодекс устанавливает стандарты служебной этики

и служит основой для формирования морально-нравственных качеств

у госслужащих.

В этом плане, Этический кодекс имеет важное значение для правильного понимания и применения норм служебной этики. Решения новых вызовов в системе государственной службы послужили поводом для принятия Этического кодекса в новой редакции.

Если Этический кодекс старой редакции объединял в себя, как, собственно, морально-нравственные требования к государственным служащим, так и базовые принципы к их поведению, то в новой редакции этот перекос был устранен за счет разделения этических требований от иных положений, не относящихся к служебной этике госслужащих.

Новый Этический Кодекс устанавливает стандарты служебной этики и служит основой для формирования морально-нравственных качеств у госслужащих.

Кодексом определены этические принципы государственной службы – добросовестность, честность, справедливость, открытость, вежливость и клиентоориентированность.

Следует отметить, что такие требования предъявлялись к госслужащим и в прежнем кодексе. Но, как вы уже заметили, в новой редакции кодекса предусмотрены приоритетные требования по соблюдению принципов открытости и клиентоориентированности, согласно чему, госслужащие должны всецело ориентируясь на запросы населения как потребителя государственных услуг, проявлять готовность к работе с общественностью и обеспечивать прозрачность своих действий.

Кодекс также определяет Агентство по делам государственной службы и его территориальные органы, органами, осуществляющими координацию по профилактике нарушений служебной этики.

В этих целях, будет активизирована работа уполномоченных по этике, дискомиссии и советов по этике по предупреждению и профилактике нарушений.

Необходимо отметить, что на сегодняшний день деятельность государственных служащих и органов госуправления направлена прежде всего на профилактику правонарушений.

В этих целях с 2016 года действует Совет по этике и институт уполномоченных по этике, который приводит профилактическую работу по недопущению нарушений этического кодекса.

В целом можно говорить о положительных результатах деятельности данных институтов, так как с каждым годом снижается количество госслужащих нарушающих этику госслужащих и проступков дискредитирующих государственную службу.

В частности, если в 2020 году за нарушение норм служебной этики и дискредитацию государственной службы к дисциплинарной ответственности были привлечены 35 госслужащих, то в 2021 году 14 госслужащих, то есть снизилось на 60%.

В основном к дисциплинарной ответственности государственные служащие привлекаются за ненадлежащее исполнение своих обязанностей и нарушении норм законодательства.

Учитывая вышеизложенное перед госорганами стоит задача по активизации профилактических мер в свете требований нового Этического кодекса, поднятия престижа госслужбы и доверия к госорганам на новый уровень в целях построения нового Казахстана.

М. УМУРКУЛОВ,
Главный специалист управления в сфере контроля государственной службы департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области

ЕСКЕ АЛУ

Нұра кентінің қадірлі азаматы, ағайын-туысқа сыйлы, көрші-қолаңға қадірлі әкеміз, Қуандық руының Тұңғатар атасынан тарайтын **Сапарбек ҚӘРІБАЙҰЛЫНЫҢ** өмірден өткеніне бір жыл толуына орай, марқұмның аруағына дұға бағыштап, ас береміз.

Әкеме не жақсылық қыла аламын?
Барса екен сауап болып бір амалым.
Әкемді жаннат баққа кіргізші деп,
Әрдайым бір Аллаға дұғадамын.

Алла әкемнің қабірін жарық қылар,
Жаннатқа ерін кіргізіп қарық қылар.
Қол жайып дұға қылар ұрпақ барда,
Соңынан сансыз сауал барып тұрар.

Құрметті туған-туыс, ағайын, құда-жекжат, нағашы, жиендер, достар, көрші-қолаң! Сіздерді 2022 жылы 23 сәуірде, сағат 20.00-де өтетін «ауыз ашар» рәсіміне қатысып, әкеміздің аруағына бағышталатын дұғада қол жаюға шақырамыз.

Дұға өтетін мекен-жай: **Нұра кенті, «Тайқазан» мейрамханасы.**

Марқұмды еске алушылар: інісі – Топар, туған-туыстары және қыздары мен күйеу балалары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

«Шұбаркөл Көмір» АҚ «Шұбаркөл көмір кен орнының 2021-2046 жылдар кезеңі үшін «Центральный» разрезінің тау-кен жұмыстарының жоспарының»2022-2031 жылдар кезеңінде қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есеп беру бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауды өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.Ең жақын елді мекен – Шұбаркөл кенті, кен орнынан оңтүстік-шығысқа қарай 12,5 км жерде орналасқан.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 03.06.2022 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Шұбаркөл кенті, Рысқұлбеков көшесі, 13 «Нұра ауданы Шұбаркөл кенті әкімінің аппараты» ММ, мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу жеке куәліктермен жүзеге асырылады.

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификаторы: 320 844 9619. Кіру коды: 8dxVkQ

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен https://ecoportal.kzбірыңғай экологиялық порталында танысуға болады,сонымен қатар, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының эл. поштасы арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: https://ecoportal.kz және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел. 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжайы және телефон нөмірі(-лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы — «Шұбаркөл Көмір» АҚ, БСН 020740000236, кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Асфальтная к-сі, 18.

Әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би ауданы, Лобода көшесі, 40 құрылыс. тел. / факс: 8 (7212) 42-56-17.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители!

АО «Шубарколь комир»сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собранийпо отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к «Плану горных работ разреза «Центральный» Шубаркольского месторождения каменного угля на период 2021-2046гг.» АО «Шубарколь комир» на период 2022-2031 года. Ближайший населенный пункт – поселок Шубарколь, расположен в 12,5 км к юго-востоку от месторождения.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 03.06.2022 года в 11:00 по адресуКарагандинская область, Нуринский район, п. Шубарколь,ул. Рыскулбекова 13 ГУ «Аппарат акима поселка Шубарколь Нуринского района».Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности.

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификатор: 320 844 9619 Пароль: 8dxVkQ

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл. почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке https://ecoportal.kz и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности — АО «Шубарколь комир», БИН 020740000236, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Асфальтная, 18.

Разработчик – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40. тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

◉ **Жазылған жайдың жаңғырығы**

"КОРРУПЦИОНЕР"

немесе аты-жөні өзгертілмей жазылған кейіпкерлер хақында

Газетіміздің 31 наурыз күнгі 16-санында 1 сәуір – әзіл күніне байланысты «Коррупционер» деген атпен жарияланған әзіл-шыны аралас оспақты материал оқырмандар арасында біраз талқыға ұшыраған сияқты. Цифрлы негізбен ақпаратты тез тарату заманында ешкім редакцияға хат жазбайды. Сол күндері редакция мен автордың қалта телефонына келіп түскен қоңыраулардың көп болғанына қарап солай дейміз.

Көпшілік жұрт ризашылықтарын білдіріп, туысқа бергісіз аққөңіл дос

«КОРРУПЦИОНЕР»

Сәлімжанның ағайындар арасындағы беделі мен абыройын, сыбайластық пен жемқорлықтан ада жанын көрсеткенімізге тілеулестігін білдіріп жатқандарға рақметтен басқа айтарымыз жоқ.

Қазақ халқы арасындағы бауырмалдық қатынас пен тамыр-таныстық, бір-біріне деген туысқандық сезім ешқашан жойылмайтыны, онсыз қазақи болмыстың өзіндік ерекшелігі, халықаралық тілмен айтқанда менталитеті айқындалмайтынын нағашы-жиен арасындағы әзілмен өрнектеген болдық. Бұл әңгімені естіген бетте кейіпкеріміздің етене жақын туыстарына айтып бергенмін. Мәз болып күлісіп, Сәлімжанның отбасына, туыстарына деген ыстық ықыласы мен адал жүрегі жайлы әңгімеге ұласып жүре берген. Қағазға түсір, кітабыңның ішіне кіргіз деп кеңес берген де солар болатын. Жасы сексеннен асса да, астанадағы нұралықтардың басын қосуға тырысып жүретін телережиссер Бағдат Көбенова апамыз, дәрігер Әділ Саябеков, қоғам және мемлекет қайраткері Рашит Түсіпбеков, тағы басқа біраз азаматтар Сәлімжанды қашан да риясыз көңілі мен кісіге деген ықыласын айтып, тек жақсылықпен еске алып отырамыз. Солай бола береді деген сенімдеміз.

Редакцияға келген Сәлімжанның балалары авторға ренжулі екен. Қазақша жазылған дүниені тәпіштеп түсіндіріп бермек болған авторды балалар тыңдамады. Бір жапырақ қағазды қолымызға ұстата берді. Мәтіні орысша екен. Қаз-қалпында беруді жөн көрдік.

«Главному редактору газеты «Нұра»
юр. адрес: Карагандинская область,
Нуринский район, п. Нұра,
ул. Талжанова д. 5а

ЗАЯВЛЕНИЕ

В связи с допущением к публикации в№ 15 (5767) газеты «Нұра» от 31 марта 2022 г. статьи «Коррупционер»; содержащий недостоверную, вымышленную информацию о частных диалогах, образе жизни и действиях, порочащую честь и достоинство наших покойных родителей, а также родственников, требуем опубликовать в ближайшем номере опровержение данной статьи.

Опровержение должно быть опубликовано тем же шрифтом и размещено под заголовком «Опровержение» на том месте, где была расположена данная статья, написанная Хамзеулы Н. 05. 04. 2022
Тынбаев С.С.
Гуреева Ж. С.
Тынбаева Г. С.»

Өтініш - өтініш емес, бейне бір соттың шешімі сияқты болса да, балалардың көңіліне қаяу түспесін деп, артық-ауыс сөзге бармадық. Аға досты әзілмен еске алған Сәлімжанның аруағына тиісіп, оны қорлаған болып отырғандай деп түсінсе не деуге болады?

Ұлының қолын алып, қыздарының бетінен сүйіп, басымды иіп кешірім сұрадым.

Дұрыс түсінбегендері үшін.

Аман болсын, ұрпақтар!

Нұрхан ХАМЗЕҰЛЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Ұлы дала тұлғалары» сериясымен жарық көрген «Кәрім Мыңбаев» кітабы Сәкеннің қолына түсісімен, Алматыдан Жабай Қалиға қоңырау шалады. Жабай іле шала Мыңбай әулетінің мұрагері журналист Нұрхан Мыңбайға шығады. Осылайша академик атамыздың аруағы ұрпақ басын біріктірген болып тұр.

Мына топтама суретте тұрғандардың астында аты-жөні жазылғаны мұндай жақсы болар ма еді. Көптеген адамдардың тегі таныс. Жыға танитын үш-төрт адамды байқадық. Фотосуретті оқырман назарына ұсынып отырған себебіміз: елде, Қара Нұраның бойында өткен ғасырдың орта кезінде Алматыда оқыған, кейін үлкенді-кішілі қызметте жүріп, еліне еңбек еткендердің ұрпақтары, бауырлары шығып жатса, бөлек суретке түсіп, осындай топтама жасатқан болуы керек.

Сәкен Рүстемов Шымкентте туып, сонда өскен азамат. Санкт-Петербургте оқыған екен. Мамандығы техникаға жақын болса да, биологияға ден қойып, кандидаттық диссертациясын қорғау кезінде мұрағат ақтарып жүрген жігіт әлденеше рет академик Мыңбаевтың есімін ұшыратады. Әкесі Асхатпен хабарласқанында ол Кәрімнің етене жақын туысы, жерлесі екенін жыр қылып айтады. 1927-28 жылдары кәмпескеге ұшыраған Бапай ұрпағының, оның ішінде Лау мырзаның – Әбдірахманның ұрпақтары тоз-тоз болып, басы ауған жаққа ыдырай шашылған. 1937-38-дің «қанды қасабы» салдарынан елден жырақ жүргендер туған топырағына қарай аяқ баса алмады. Қажкен мен Рүстемнен туған немере туыстар Ғайни мен Асхат Шымкентте тұрақтап қалған. Өз қолдары өз аузына жеткенде Асекең Алматыға оқуға барады. ҚазМУ-дің тарих факультетіне оқуға түсіпті. Туыстары «Үлкен Гүлбаһрам» Сейфуллинамен, «Кіші Гүлбаһрам» Мыңбаевамен, Рая Ералина, Балқаш (Бағдат) Әбішевамен және Әмен Қайдаровпен, Дәкен Шалабековпен сонда табысқан.

Есімдері Арқа еліне етене таныс, ел жадында мәңгі сақталған ағайынды Ұлжан мен Бижанның ұрпақтары екенін, ата-бабаның мекен қылғаны, кіндік қаны тамған жер Мыңбай аулы мен Кертіндінің арасындағы Тассуат маңы екенін үлкен Гүлбаһрам жыр қылып айтып берген көрінеді.

Қазақстан республикасы Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкерлері Жабай Қали мен Сейтқали Дүйсен жазған 1948 жылдың күзінде бортында қазақтың қаймағы болған бір топ ғалым бар ұшақ Балқаш әуежайынан жанармай құйып алып, аспанға көтерілген соң, Бетпақдала шөлінің үстінде жарылып кетті. Бүкілодақтық Ауыл шаруашылығы академиясының сессиясына аттанған оқымысты азаматтарды академик Кәрім Мыңбаев бастап бара жатқанды.

Осы кездегі газет-журналдардың сарғайған беттеріне зер салсақ, апатты оқиға кезінде бүкіл қазақ елі зар еңіреп, есіл ерлерді жоқтағанына көзіміз жетеді.

Азамат Кәрімді, аға Кәрімді арқа сүйер қылып жүрген Алматы жоғары оқу орындарында білім алатын нұралық студент жастар Кәрімнің қарындасы Гүлбаһрамның ауыр қайғысын сейілтпек ниетпен, оны орталарына алып, ескерткішке суретке түскен екен, 1950 жылы. Ол сурет Мыңбай әулетінің жеке мұрағатында сақтаулы. Ал мына сурет редакцияға «өз аяғымен» келді. Сонда жастардың әрқайсысы іле-шала

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

АУА РАЙЫ

«Көктемнің бір күні – жылға азық» дейді халқымыз. Қар жаңа кетті. Қыстың ызғары енді қайтты. Ауылдағы жұрт өзінің күнделікті күйбең тіршілігіне кіріссін дегендей, күн де ұзара түсті. Жұрт «Ұзын сары» дейтін шақ осы кез.

Бүгінгі бейсенбіден келесі аптаның ортасына дейін күн алабұлтты болса да, алты айлық қыстың ызғары қайтып келмес деген ойдамыз.

Ауа райын болжаушылардың зерттеуіне қарасақ, Нұра бойында күн одан әрі жылына түседі. Күндізгі ауаның температурасы +18 - + 23 градус аралығында болады екен. Түнгі ауа да жылына түспек: +6 - +10 градус шамасында. Аптаның аяғын ала бере, кей жерлерде жаңбыр сіркіреуі ықтимал.

Әр істеріңізге береке берсін!

ПОГОДА

Народная мудрость гласит: «Весенний день год кормит». Снег только сошел. Зимняя прохлада, надеемся, не вернется. День все длинней, будто стареатся для нас, чтобы успели в порядок привести двор и дом после долгой зимы.

По прогнозам синоптиков, весна теперь не сдаст свои права. На носу – лето.

От сегодняшнего четверга до середины наступающей недели воздух согреется от 18-ти до 23-х градусов выше нуля. Ночная температура также в норме : +6 - +10 градусов. К концу недели в некоторых регионах поймы великой реки Сары Арки возможен редкий дождь.

Пусть будет благодатным каждый новый день!

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Құрметті оқырман! 90 жылдық тарихы бар «Нұра» аудандық қоғамдық-саяси газеті бұрынғы тәртіпке сай апта сайын жарық көреді және басылымға жазылу жыл бойы жүреді. Оған өңірдегі кез-келген пошта бөлімшесінде жазылуға болады.

Жылдық жазылу бағасы - 2000тг, 6 айға - 1000тг, 3 айға - 500тг. Индексі: 65421

Сіздің апталықты алдыруыңызға бөгет жасау, басқа газетке жазылуға үгіттеу Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі құқығызға қол сұққандық, заңға қайшы әрекет болып табылады.

Басылым тұрғындар мен аудандағы мекемелерден, кәсіпорындар мен шаруашылықтардан келетін хабарландырулар мен жарнамаларды, құттықтауларды, көңіл айтулар мен қазанамаларды қалыптасқан тәртіппен, бұрынғы баға бойынша қабылдайды.



«Нұра» газетінің редакциясы

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Уважаемый читатель! Имеющая почти вековую историю общественно-политическая газета «Нура» продолжит свое издание, как и прежде, еженедельной периодичностью. Подписаться на газету можно в любом почтовом отделении района в течении весего года.

Стоимость годовой подписки - 2000тг, на 6 месяцев - 1000тг, на 3 месяца - 500тг. Индекс: 65421

Воспрепятствование на подписку, доставку и получение газеты оценивается как противоправный акт на ваше гражданское право как гражданина Республики Казахстан.

Издание радо будет помещать на своих страницах объявления, поздравления, соболезнования и некрологи как от организации и учереждении, так и от отдельных юридических лиц.

Редакция газеты «Нура»

Газет аптасына 1 рет шығады | **Индексі: 65421** | **Таралымы: 1015** | **Тапсырыс: 15**

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ
Райхан Сәкеновна ЖУНУСОВА
Меншік иесі; «Аудандық «Нұра» газетінің редакциясы» ЖШС-гі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінен 2012тжылдың 16 қаңтарында бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №12240-Г куәлік берілген

Бас редактор
Ермек БАЛТАШҰЛЫ
Индекс: 100900
Мекенжайымыз: Қарағанды облысы Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 5а үй.
Электронды адрес: **gazeta-nura@mail.ru**
Телефондары: 22-4-77

Газет ЖШС «Типография Арко» баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15
Телефондары:
41-17-83,
41-17-80
Офсеттік басылым, көлемі 4,0 баспа табақ. Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді